

«БЕКІТЕМІН»
I-Вице-ректор
Ж.Томар
«26» 01 2022 ж.

«БЕКІТЕМІН»
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры
Ж.Темирбекова
«26» 01 2022 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-108-2022


БЕЙІНДІК МАГИСТРАТУРАНЫ БІТІРГЕН ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІНДЕГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ОҚЫТУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Біліктілікті арттыру орталығымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер: – Біліктілікті арттыру орталығының жоба менеджерлері Е.Ақтаев, А.Бегманов
3. Келісілді: – Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
– Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Пусат Пилтен
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ 2022 ж.
5. Тексерілу мерзімі 2024 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан



АЛҒЫ СӨЗ

1. Өзірленген және енгізілген: Біліктілікті арттыру орталығы.
2. Бекітілді және қолданысқа енгізілді: «_____»_____ 2021 ж.
3. Енгізілді: алғаш рет
4. Құжатты қайта қарау кезеңділігі: қажеттілігіне қарай

1. Жалпы ережелер:

1.1 Ереже, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-ң құрылымдық бөлімі болып табылатын Біліктілік арттыру орталығында бейіндік магистратураны бітірген тұлғаларға арналған педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламасы бойынша оқыту тәртібін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптары ескеріле отырып әзірленді:

- "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (2019 жылғы 21 ақпандағы жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен);

- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен бекітілген).

2. Терминдер мен анықтамалар:

2.1 Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

ЖОО компоненті - Білім беру жүйесін меңгеру үшін ЖОО дербес айқындайтын бағдарламаның оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемі.

Таңдау компоненті - ЖОО ұсынатын, білім алушылардың кез келген пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, академиялық кезеңдегі оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемі.

Білім беру бағдарламасы – негізгі мақсаттары, нәтижелері мен мазмұнын қамтитын білім беру сипаттамалары әдістерін, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды оқытудың әдістері мен тәсілдерін жүзеге асыру, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері.

Тыңдаушы - педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламасы бойынша білім беру ұйымында білім алушы тұлға.

3. Бейіндік магистратураны бітірген тұлғаларға арналған бейінді білім беру бағдарламасы бойынша оқыту тәртібі:

3.1 Бейінді магистратураны бітірген магистр, магистратураның бейіндік педагогикалық білім беру бағдарламасын қосымша игеруден кейін педагогикалық қызметке жіберіледі.

3.2 Бейінді магистратураны бітіргендер үшін бейіндік педагогикалық білім беру бағдарламасы университеттің Біліктілік арттыру орталығында жүзеге асырылады.

3.3 ББ бойынша тыңдаушыларды курсқа қабылдау оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

3.4 Оқыту күндізгі және қашықтықтан оқыту нысандары бойынша жүргізіледі.

3.5 ББ бойынша курсқа түсуші тұлғалар келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) Осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) білімі туралы құжаттың көшірмесі;

4) көлемі 3x4 см 2 фотосурет.

3.6 Тыңдаушыларды қабылдау университет ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

3.7 Бейіндік магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен бекітілген) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 5-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

3.8 Педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасы кемінде 30 академиялық кредитті құрайды.

3.9 Педагогикалық практика оқыту мен оқу әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Бұл ретте ЖОО қалауы бойынша магистранттарға бакалавриатта сабақ өтуге мүмкіндік беріледі. Практиканың ұзақтығы 4 аптаны құрайды. Магистр дайындау бағыты бойынша педагогикалық практиканы ұйымдастырушы кафедралар, практика қорытындысы бойынша есептерін қабылдайды.

3.10 Оқытылған пәндер бойынша ББ меңгеру емтихан түрінде қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

3.11 Педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасы аяқтаған магистрге Ереженің 2-қосымшасына сәйкес негізгі дипломға қосымша куәлік беріледі.

4. Педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасы бойынша оқытуға жауапты құрылымдардың функциялары:

4.1 Біліктілік арттыру орталығы тыңдаушылардың құжаттарын белгіленген нысандағы журналға тіркейді, тыңдаушымен ақылы қызмет көрсету туралы шарт жасайды, білім беру қызметін, сабақ кестесін, бұйрық жобаларын қалыптастырады.

4.2 Орталық басшысының қызметтік жазбасы түскен күннен бастап университеттің академиялық мәселелер жөніндегі департаменті базалық және бейіндеуші пәндер циклдарының академиялық сағаттарда көлемін анықтайды және ББ пәндерінің еңбек сыйымдылығын есептейді.

4.3 Қызметтік жазба түскен күннен тыңдаушылардың санына сәйкес университеттің Қаржы департаменті ақылы білім беру қызметтерінің құнын есептейді.

4.4 Кафедра меңгерушілері базалық, бейіндеуші пәндер циклдарының пәндерін анықтайды.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер вице-ректоры



Э.Идрисова

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры



Пусат Пилтен

Заң бөлімінің басшысы



Г.Мусаханов

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы



Ж.Дарибаев

Ережеге
1 қосымша
Университет ректорының атына өтініш
Тегі, Аты, Әкесінің аты
туған күні
мекен-жайы
байланыс телефоны
e-mail

Өтініш

Мені ақылы негізде Бейіндік магистратураны бітірген тұлғаларға арналған педагогикалық бейіннің білім беру бағдарламасын игеруге тыңдаушы ретінде қабылдауыңызды сұраймын.

Бітірген бейіндік магистратура мамандығы (коды/атауы, білім беру бағдарламасы, аяқтаған жылы _____

Оқыту тілі _____

" ____ " _____ 20__ ж.
(өтініш берілген күн) (өтініш берушінің қолы)

ЖООК-М № _____ магистр дипломына

КУӘЛІК

Осы куәлік _____

(мамандықтың коды және атауы)

мамандығы бойынша бейіндік магистратураны бітірген

_____ берілді.

(Т.А.Ә.) (болған жағдайда)

Ол _____ жылғы «___» _____ бастап _____ жылғы «___» _____
аралығында

_____ (жоғары оқу орнының толық атауы)

_____ мамандығы

бойынша педагогикалық бейіні пәндерінің циклын төмендегі академиялық
көрсеткіштермен меңгерді:

№	Пәннің атауы	Кредит саны	Әріптік	Балдық

Осы куәлік ғылыми және педагогикалық қызметпен айналысуға құқық
береді.

Ректор _____

Декан _____

Хатшы _____

М.О.

«___» _____ ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Қызметі	Аты жөні	Келісілген мерзімі	Қолы
Академиялық мәселелер вице-ректоры			
Академиялық департамент директоры			
Біліктілікті арттыру орталығының басшысы			
Заң бөлімі			
Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы			